

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 11 ақпандағы № 11-14 " Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақының ставкалары туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 1 маусымдағы № 10-16 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 маусымда № 4827 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 21-8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 07.12.2018 № 21-8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 11 ақпандағы № 11-14 "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақының ставкалары туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3021 тіркелген, 2009 жылғы 3 наурыздағы "Орал өңірі" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2 - тармақ алып тасталсын.

2. Облыстық мәслихат аппаратының басшысы (А.Сұлтанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Облыстық мәслихат хатшысы*

*Л.Тұрсынова
М.Құлшар*